

**Ақсу негізгі орта мектебі КММ**  
**ата-аналармен жұмыс бойынша 2022-2023 оқу жылында атқарылған**  
**іс – шаралардың есебі**

Тәрбие жұмысының жоспарына сай 2022 жылды жылдың қыркүйегінде 2022-2023 оқу жылының жалпы мектептік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қарастырылды:

1. Ата – аналар комитетінің төрайымын тағайындау;
2. Жаңа оқу жылында өтілетін іс-шара жоспарымен таныстыру
3. Өмірдің уақытша қиын кезеңдеріне кезіккен отбасыларға демеушілік көмектерін ұйымдастыру шаралары

Ата-аналар жиналысын мектеп психологы Г.Б. Китегулов ата-аналармен амандасып, “Шырағың сөнбесін!” атты тренингімен ашып берді. Жиналыстың 1 бөлімінде биылғы оқу жылында мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту мақсатында ата-аналар комитетін сайлау керектігі айтылды. Ата-аналар бір ауыздан ата-ана М.К. Упетованы ата – аналар комитетінің төрайымы етіп сайлады. Одан әрі келесі мәселе бойынша ДТЖО Р.Н. Айтекенова 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысына анализ жасап, 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысындағы өзгерістерге тоқталып, мектебіміздің ішкі тәртібімен таныстырып, мектеп формасын сақтауға баса назар аудару қажеттігі туралы айтты.

3 мәселе бойынша өмірдің уақытша қиын кезеңдеріне кезіккен отбасылардың жоқ екендігі айтылды.

Қазан айында мектеп психологы Г.Б. Китегулов ата-аналармен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту мақсатында әңгімелесулер өткізу, сауалнамалар алу өткізілді. Мектеп бойынша ерекше назардағы оқушылардың жоқ екендігі анықталды.

Қараша айында 8-9 сыныптың жетекшілері Н.М. Досмагамбетова мен А.Т. Жубаназарова «Бала өз міндетін дұрыс білгені жөн» тақырыбында ашық әңгімелесу өткізді. Мақсаты: ата-ана мен баласы арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ата-ана мен мұғалім арасындағы байланысты күшейту, мәселелердің алдын алу.

Қаңтар айында ДТЖО Р.Н. Айтекенованың ұйымдастыруымен «Дені сау, рухани бай ұрпақ тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында ата-аналар өз ойларын ортаға салып, ой бөлісті. Бала тәрбиесіндегі маңызды мәселелерді талқылады.

Ақпан айында мектеп психологы Г.Б. Китегулов «Бала тәрбиесі басты назарда» деген тақырыпта пікірсайыс өткізді

Наурыз айында аға тәлімгер Ш.С. Өтепбергенованың ұйымдастыруымен «Өнегелі отбасы» тақырыбында ата-аналармен бірлескен сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты өнегелі отбасыларды дәріптеу, бала тәрбиесіндегі отбасының маңызын ашу.

Мамыр айында ата-аналар комитетімен бірлескен отырыс өтті. Отырыс барысында жыл бойы атқарылған жұмыстардың есебі тыңдалды, артықшылықтар мен кемшіліктер талқыланып, алдағы оқу жылында орындалуы тиіс шараларды жоспарға енгізу туралы ұсыныстар айтылды.

Мектеп директоры:  М.И. Есеева